

*«Қазақстан Республикасы  
теміржолшыларының кәсіби одағы»  
қоғамдық бірлестігінің 2000 жылғы  
21 қыркүйектегі IV съезімен  
өзгерістерімен және  
толықтыруларымен бекітілген*

*Қазақстан Республикасының көлік саласы  
кәсіби одақтарының 2014 жылғы  
12 желтоқсандағы Біріктіруші съезінде  
өзгерістерімен және толықтыруларымен  
бекітілген*

*«Қазақстандық салалық теміржол,  
автомобиль, әуе және су көлігі  
қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық  
бірлестігі Орталық Кеңесінің 2022 жылғы  
19 қаңтардағы №3.п.2. қаулысымен  
өзгерістер мен толықтырулар енгізілген*

*«Қазақстан Республикасы  
теміржолшыларының кәсіби одағы»  
қоғамдық бірлестігінің 2010 жылғы  
29 қыркүйектегі VI съезінде өзгерістерімен  
және толықтыруларымен бекітілген*

*«Қазақстандық салалық теміржол,  
автомобиль, әуе және су көлігі  
қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық  
бірлестігі Орталық Кеңесінің 2016 жылғы  
21 қазандағы № 4.п.1. қаулысымен  
бекітілген*

*«Қазақстандық салалық теміржол,  
автомобиль, әуе және су көлігі  
қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық  
бірлестігі Орталық Кеңесінің 2025 жылғы  
26 ақпандағы №3.п.6 қаулысымен  
өзгерістер мен толықтырулар енгізілген*

**«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және  
су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық  
бірлестігінің филиалы туралы  
ЕРЕЖЕ**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің филиалы (әрі карай – Филиал) өзінің ішкі құрылымы бастауыш ұйымдарымен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің (әрі карай – Кәсіподақ) құрылымдық бөлімшесі болып табылады және өндірістік-салалық немесе аумақтық (аймақтық) қағидаттар бойынша бастауыш ұйымдардың келісімімен Кәсіподақ Орталық Кеңесінің шешімімен конференцияда құрылады.

1.2. Филиалдың аумақтық шекараларын және филиалға кәсіптік қызмет көрсететін бастауыш ұйымдардың тізбесін Кәсіподақтың Орталық Кеңесі бекітеді.

1.3. Филиалдың ресми атауы:

мемлекеттік тілде: «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің филиалы;

орыс тілінде: Филиал общественного объединения "Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта".

1.4. Филиалдың мекен-жайы: \_\_\_\_\_

1.5. Заңды тұлғаның толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі;

орыс тілінде: Общественное объединение "Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта".

1.6. Филиалды құрған заңды тұлғаның мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев көшесі, 6.

1.7. Заңды тұлғаны тіркеу туралы деректер: Тіркелген заңды тұлға 2015 жылғы 18 маусымдағы анықтама, БСН 920640000439.

1.8. Филиалдың қызметінің мәні: кәсіподақ мүшелерінің жеке, кәсіптік және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін көздеу және қорғау, қайырымдылық іс - шараларға қатысу, мәдени, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру әрі өткізу, ақпаратты жарыққа шығару, патриоттық тәрбие.

1.9. Филиалдың банктерде есеп айырысу шоттарын ашуға, белгіленген үлгідегі мөрі, бланкілері, мөртабандары, жеке балансының болуына құқығы бар.

1.10. Филиал өз жұмысын Қазақстан Республикасының Конституциясына, Зандарына, Кәсіподақ Жарғысына және осы Ережеге сәйкес атқарады.

1.11. Филиал өз іс-әрекетінде мемлекеттік органдардан, жұмыс берушілерден, саяси және басқа да қоғамдық бірлестіктерден тәуелсіз, оларға есеп бермейді әрі олармен бақыланды, олармен қарым-қатынасты әлеуметтік әріптестік қағидаттары бойынша құрады.

## 2. ФИЛИАЛ ОРГАНДАРЫ

*2-бөлімде нөмірлеу өзгертілді (үш таңбалы нөмірлеу алынып тасталды, 2.5 нөмірімен нөмірленеді).*

2.1. Филиалдың жоғары органы конференция болып табылады, ол кемінде бес жылда бір рет шақырылады.

Кезектен тыс конференция Филиалдың кеңесінің бастамасы бойынша, Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің ұсынысы бойынша немесе бөлімшенің кәсіптік қызметіндегі Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарының 1/3 талабы бойынша шақырылады.

Есептік-сайлау науқаны "Теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің Қазақстандық салалық кәсіптік одағы" ҚБ кәсіподақ органдарында есептік-сайлау науқанын жүргізу жөніндегі Нұсқаулықтың талаптарына сай қатаң түрде жүргізіледі.

2.2. Конференцияның шақырылуы, күні, күн тәртібінің жобасы конференция ашылғанға дейін кемінде екі апта бұрын, ал кезектен тыс конференция туралы хабарлама ол өткізілгенге дейін кемінде бір апта бұрын жарияланады.

Өкілдік нормалары және конференцияға делегаттарды сайлау тәртібі кәсіподақтың тиісті Филиалдың Кеңесінің шешімімен белгіленеді.

Конференция оның жұмысына сайланған делегаттардың кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды болып саналады.

2.3. Филиалдың Конференциясы:

- сайлау органы мен тексеру комиссиясының қызметі туралы есептерді тыңдайды;
- қызметінің негізгі бағыттарын анықтайды;
- төрағаны сайлайды;
- тексеру комиссиясының мүшелерін сайлайды;
- Кеңес мүшелерін сайлайды;
- келісім комиссиясының мүшелерін сайлайды;
- Филиалдың қызметіне қатысты кез келген басқа мәселелерді шешеді.

2.4. Конференциялар аралығындағы кезеңде филиалдың басқару органы болып төраға басқаратын Кеңес саналады.

2.5. Кеңес мәжілістері қажеттілігіне байланысты, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі, және оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысса құқылы болып саналады.

2.6. *(ескі редакцияда 2.4.2.)* Филиалдың Кеңесі:

- Кәсіподақ алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерді ескере отырып, өз жұмысын ұйымдастырады, сондай-ақ:
- бастауыш ұйымдардың қызметін үйлестіреді, оларға практикалық көмек пен қолдау көрсетеді, тиісті мемлекеттік және сот органдарында, жұмыс берушілер алдында олардың және Кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін қорғайды;
- ұжымдық келіссөздер жүргізеді, жұмыс берушілермен немесе оны ұсынатын адамдармен келісімдер жасайды, олардың орындалуын бақылайды;
- қажет болған жағдайларда, оның құрамына бастауыш ұйымдар өкілеттік беретін Кеңес мүшелерінің өкілеттіктерін растайды;

- Филиалдың төрағасының орынбасарын (орынбасарларын) сайлайды;
- Филиалдың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде оның төрағасын сайлайды және қызметінен босатады;
- ағымдағы жұмысты ұйымдастыру үшін Атқарушы комитетін (Атқару Комитеті) сайлайды;
- Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің құрамына үміткерлерді сайлайды;
- Филиалдың бюджетінің сметасын және аппарат қызметкерлерінің штат санын Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің Атқару Комитетінің бекітуіне шығарады;
- Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарын кәсіптік қызметке қою, сондай-ақ кәсіптік қызметтен шығару туралы шешім қабылдайды;
- Филиалдың конференциясын шақыру туралы шешім қабылдайды, тікелей делегация қағидаты бойынша оны қалыптастыру кезінде конференцияға делегаттар мен олардың өкілдерін Кеңес құрамына сайлау бойынша бастауыш ұйымдарға өкілдік ету нормасын белгілейді;
- Филиалдың және оған кіретін бастауыш ұйымдардың жарғылық қызметіне байланысты басқа да мәселелерді шешеді;
- өз қызметінде Филиалдың конференциясына және Кәсіподақтың Орталық Кеңесіне есеп береді.

#### 2.7. (ескі редакцияда 2.5.) Филиалдың Атқару Комитеті:

- съездің, конференциялардың, Филиалдың мен Кәсіподақтың сайланбалы органдарының шешімдерін, сондай ақ өз шешімдерін іске асыру бойынша нақты іс-әрекетті айқындап, жүзеге асырады, олардың іске асуын бақылайды;
- мемлекеттік органдармен және жұмыс берушілермен келіссөздер жүргізу үшін өз өкілдерін тапсырады;
- тиісті мемлекеттік және сот органдарында бастауыш ұйымдардың, Кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін көздейді және қорғайды, жұмыс берушілер алдында заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді;
- аумақтық жұмыспен қамту бағдарламасын әзірлеуге қатысады, сала кәсіпорындарынан босатылған адамдарды әлеуметтік қорғау жөніндегі шараларды ұсынады, еңбек туралы заңнаманың және жұмыспен қамту туралы заңнаманың сақталуын жүзеге асырады;
- Кәсіподақ Атқару Комитетіне бұқаралық акцияларды ұйымдастыру, оның ішінде ереуілдер, демонстрациялар, шерулер, пикеттер өткізу туралы ұсыныс жасайды;
- бастауыш ұйымдардың қаржылық қызметін, олардың Жарғыны, Есеп Саясатын, Кәсіподақтың жоғары тұрған органдары шешімдерінің сақталуын үйлестіреді;
- бастауыш ұйымдардың сметасын мақұлдайды;
- кәсіподақтың алқалы органдары қабылдаған Жарғы мен шешімдерге қайшы келетін төмен тұрған кәсіподақ ұйымдары мен кәсіподақ органдарының қаулыларының күшін жояды, кәсіподақ мүшелерін осындай шешімдердің мәні бойынша хабардар етеді;
- бастауыш ұйым төрағасының Жарғыны бұзғаны және кәсіби органдардың шешімдерін орындамағаны үшін жауапкершілікке тарту мәселесін қарайды.

Жарғы бұзылған жағдайда төрағаның қызметінен мерзімінен бұрын босату туралы, сондай-ақ кәсіподақ комитетінің (цехкомның) барлық құрамын мерзімінен бұрын сайлау туралы ұсыныстар енгізеді.

- кәсіподақ мамандары мен активтерін оқыту ісін ұйымдастырады және жүргізеді, жұмыс тәжірибесін зерделейді әрі таратады;
- қаржылық қызметті жүзеге асырады, бекітілген сметаларға сәйкес ақшалай қаражатқа иелік етеді, Кәсіподақ мүлкін пайдаланады;
- Орталық Кеңеске уақытында статистикалық және қаржылық есеп ұсынады, қаржы саясаты саласында оның орындалуын қамтамасыз етеді;
- Кеңес отырыстарын жинайды және оны өткізу ісін ұйымдастырады;
- Кәсіподақ Жарғысында көзделген және оған Кеңес жүктеген өзге де қызмет түрлерін орындайды.

2.8. Атқарушы комитеттің мәжілістері қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына ең кемінде бір рет өткізіледі және олардың жұмысына оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысса құқылы болып саналады;

2.9. *(ескі редакцияда 2.6.)* Конференциялардың, Кеңес және Атқару Комитеті отырыстарының шешімдері делегаттардың, Кеңес және Атқару Комитеті мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

2.10. *(ескі редакцияда 2.7.)*

Филиалдың Төрағасы:

- Филиалдың жұмысын ұйымдастырады;
- Кәсіподақ атынан іс-әрекет жасайды, мемлекеттік органдарда, жұмыс берушінің алдында және сенімхат бойынша басқа да органдар мен ұйымдарда оның мүдделері мен Кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін көздейді;
- штаттық аппаратқа басшылық жасайды, аппараттың штаттық қызметкерлерімен және Кәсіподақтың есепте, кәсіптік қызметте тұрған бастауыш Кәсіподақ ұйымдарының төрағаларымен еңбек шарттарын жасасады және оны бұзады;
- бекітілген смета мен өкілеттіктер шегінде қаржылық қызмет жүргізеді, ақшалай операцияларды жүзеге асырады;
- Филиалдың кәсіптік қызмет көрсететін Кәсіподақ бастауыш ұйымдарынан мүшелік кәсіподақ жарналарының толық және уақтылы түсуін бақылайды;

2.11. Филиалдың сайланбалы органдарының өкілеттік мерзімі - бес жыл.

Филиалдың төрағасымен еңбек шартын Кәсіподақ атынан әрекет ететін Кәсіподақ төрағасы жасайды.

2.12. Жұмыс берушілердің өкілдері кез келген деңгейдегі Кәсіподақтың сайланбалы органдарында бола алмайды.

### **3. КӘСІПОДАҚ МҮЛІГІН ЖӘНЕ АҚША ҚАРАЖАТЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТӘРТІБІ, ФИЛИАЛДЫҢ ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІ**

3.1. Филиал заңды тұлға болып табылмайды және оған Кәсіподақтың мүлкі беріледі және ол бекіткен ереже негізінде әрекет етеді.

3.2. Филиалдың ақшалай қаражаты:

- Кәсіподақ мүшелерінің жарналарынан ай сайынғы аударымдар
- ерікті жарналар мен қайырымдылықтар

- ҚР заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да түсімдер.

3.3. Филиал өзінің сайлау органдары арқылы өзінің иелігіндегі құралдар мен мүлікті дербес пайдаланады, иеленеді.

3.4-тармақ 2.10-тармаққа көшірілді.

3.4. (ескі редакция 3.5-тармақ.) Кәсіподақтың Орталық Кеңесіне қаржылық есеп жылына бір рет ұсынылады.

3.5. (жаңа редакция) Филиалдың қаражаты филиалдың шығыстарының сметасына сәйкес жарғылық мақсаттарға жұмсалады.

## **4. РЕВИЗИЯЛЫҚ КОМИССИЯ**

4.1.Тексеру комиссия Филиалдың конференциясында сайланады және өз қызметін Кәсіподақтың ішкі жергілікті актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

## **5. ФИЛИАЛ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ ТӘРТІБІ**

5.1. Филиал:

- кейіннен Кәсіподақ Орталық Кеңесінің бекітуімен, конференцияның;
- жұмыс берушінің тиісті өндірістік құрылымдарының қызметі өзгерген немесе тоқтатылған жағдайларда немесе Кәсіподақ құрылымы өзгерген жағдайда Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің шешімі бойынша;
- сот шешімі бойынша қайта құрылуы немесе жабылуы (қызметін тоқтатуы) мүмкін.

5.2. Филиалды жабу (қызметін тоқтату) туралы шешім:

- Конференцияда, кворум бар болып, конференция делегаттарының кемінде 2/3 оған дауыс берсе;
- Орталық Кеңесте, егер оған Орталық Кеңес мүшелерінің 50 %-ы және одан артығы дауыс берсе қабылданған болып саналады

5.3. Конференция хаттамасы шешім қабылданғаннан кейін үш күндік мерзімде Кәсіподақтың Орталық Кеңесіне жіберіледі.

Кәсіподақтың Орталық Кеңесі бұл мәселе бойынша 15 жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды.

5.4. Филиалды жабу (қызметін тоқтату) туралы шешім қабылданған жағдайда Орталық Кеңес тарату комиссиясын тағайындайды, оның құрамына Кәсіподақтың Бақылау-ревизиялық комиссиясының мүшесі кіреді.

Тарату комиссиясы қолда бар мүлікті, ақшалай қаражатты бағалайды.

Тарату комиссиясының есебін Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің Атқарушы комитеті бекітеді.

5.5. Кәсіподақ дебиторлармен және кредиторлармен, сайланбалы және штаттық қызметкерлермен есеп айырысу жүргізеді. Қалған мүлік пен ақшалай қаражат Кәсіподақ Жарғысымен көзделген мақсаттарға пайдаланылады.

5.6. Қабылданған шешім туралы тиісті әділет органдары хабардар етіледі.

## **6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

6.1. Филиал Кәсіподағының құрылымдық бөлімшесі бола отырып, өз қызметін Кәсіподақтың Жарғысына және осы Ережеге сәйкес жүргізеді. Филиалдың бөлек балансы, банкте есеп айырысу және басқа да шоттары, белгіленген үлгідегі бланктері, мөрі, мөртаңбасы бар.

6.2. Филиалдың осы Ережемен қаралған шекте дербес қызмет етуге құқықтары және өкілеттіктері бар.

6.3. Осы Ережеге түсінік беру құқығы Орталық Кеңеске тиесілі.